

**Қаражал қалалық Мәслихатының 2007 жылғы 26 желтоқсандағы IV сессиясының N 41 "Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген топтарына ай сайынғы әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының XXV сессиясының 2010 жылғы 17 наурыздағы N 227 шешімі. Қарағанды облысы Қаражал қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 14 сәуірде N 8-5-89 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2013 жылғы 28 маусымдағы № 1-24/167 хатымен)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 28.06.2013 № 1-24/167 хатымен).**

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне , 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және қалалық Мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы XXIII сессиясының N 203 "2010-2012 жылдарға арналған қала бюджеті туралы" шешіміне сәйкес қалалық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қаражал қалалық Мәслихатының 2007 жылғы 26 желтоқсандағы IV сессиясының "Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген топтарына ай сайынғы әлеуметтік көмек көрсету туралы" N 41 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізіміне 2008 жылғы 8 ақпанда N 8-5-50 болып тіркелген, "Қазыналы өңір" газетінің 2008 жылғы 16 сәуірдегі N 7 санында жарияланған), Қаражал қалалық Мәслихатының 2009 жылғы 27 ақпандағы XIV сессиясының "Қаражал қалалық Мәслихатының 2007 жылғы 26 желтоқсандағы IV сессиясының N 41 "Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген топтарына ай сайынғы әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 123 шешімімен (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізіміне 2009 жылғы 19 наурызда N 8-5-67 болып тіркелген, "Қазыналы өңір" газетінің 2009 жылғы 28 наурыздағы N 12 санында жарияланған) және Қаражал қалалық Мәслихатының 2009 жылғы 16 шілдедегі XIX сессиясының "Қаражал қалалық Мәслихатының 2007 жылғы 26 желтоқсандағы IV сессиясының " Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген

топтарына ай сайынғы әлеуметтік көмек көрсету туралы" N 41 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 172 шешімімен (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізіміне 2009 жылғы 7 тамызда N 8-5-76 болып тіркелген, "Қазыналы өңір" газетінің 2009 жылғы 8 тамыздағы N 32 санында жарияланған) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген, келесі өзгерістер е н г і з і л с і н :

1 тармақтағы :

4) тармақшада "I және II топтардағы мүгедектігі бойынша мемлекеттік жәрдемақы алатын жұмыссыздар, оның ішінде" деген сөздер алынып тасталсын;

5), 7) тармақшалары алынып тасталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық Мәслихаттың әлеуметтік сала және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (С. Сыртанбеков ) жүктелсін .

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*XXV сессияның төрағасы*

*Ж. Серіков*

*Қалалық Мәслихаттың хатшысы*

*Н. Кәдірсізов*